

«Жеті қазына» жобасы өз мәресіне жетті

Жәңгір хан университетінде наурыз айының мерекелері Алғыс айту күнінен бастау алып, Халықаралық әйелдер мейрамымен, Көрісу күнімен және Наурыз мерекесімен жалғасты. Сонымен қатар екі айға созылған «Жеті қазына» ұлттық жобасы қорытындыланды.

Көктемнің алғашқы айы айшықты мерекелерге толы. 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі, 14 наурыз – Көрісу күні, 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Сонымен қатар биылғы қасиетті Рамазан айы да осы наурызбен тұспа-тұс келді. Тағы бір айта кетерлігі, он күнге жалғасқан «Наурызнама» шарасы да халықтық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып, ұлттық мерекеміз өз деңгейінде ұлықталды.

БҚАТУ-да әрбір атаулы күнге орай

түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, мерекенің сән-салтанаты келісті деп толық айтуымызға болады. Студент-жастар мен ұстаздар ұлттық киімдерін киіп, осылайша патриоттық сезімдерін байқатты.

Ұлыстың ұлы күнінің қарсаңында салтанатты шара ұйымдастырылып, университеттің үлкен залына жиналған оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушылар мерекелік бағдарламаны тамашалады. Шарада сөз алған басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары Өтеген Таубаев жиналғандарды ұлттық мерекемен басқарма атынан құттықтады. Сондай-ақ ұжымда этностильді насихаттап, ерекше көзге түскен Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма ұжымы

мен Тілдерді дамыту орталығының оқытушыларын ректордың алғыс хатымен марапаттады. Бұдан соң университет ұжымын Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының директоры Нұржан Тасболатов құттықтап, өнер ордасымен қарым-қатынас орнатып, бірлесе жұмыс жасап жүрген оқытушыларға алғыс хаттар табыстады.

Мерекелік шарада университеттегі «NUR» би ансамблі, «Тұмарым» вокалдық ансамблінің өнерпаздары және «Нарын сазы» ұлттық аспаптар ансамблі өнер көрсетіп, көрерменге жақсы көңіл күй сыйлады. Кеш барысында көпшілік назарына БҚО Дизайнерлер мен модельдер қауымдастығының президенті Әсем

Кенжебайқызының авторлық ұлттық киімдер топтамасы ұсынылды.

Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған дәстүрлі «Жеті қазына» жобасы аясында институттар «Салт-дәстүр» бағыты бойынша театрландырылған көріністерін ұсынды. Сондай-ақ ақпан айында басталған аталмыш жобаның «Сөз сандық», «Асыл мұра», «Ұлы дала ғажайыптары» бағыттары бойынша өткізілген сайыстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері белгілі болды. Атап айтқанда, жүлделі 3-орынды Политехникалық институт иеленсе, 2-орынға Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институты ие болды. Бірінші орынды Ветеринария және агротехнология институты жеңіп алса, бас жүлдеге Индустриалды-технологиялық институты лайық деп танылды.

Фоторепортаж



Сәукеле – үйленудің ең басты символы

Халқымыз ежелден ата-бабадан қалған мұраны, ұлттық ұстаным мен салт-дәстүрді берік сақтаған.

Ұлт данасы Абай:
«Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні.

Сонда көңілің толмай ма?» деп айтқандай, қазақ халқы үйленіп, отау құру мәселесіне ерекше мән берген. Үйленуге байланысты салт-жоралар өте көп. Мысалы: құда түсу, сырға салу, күйеудің ұрын баруы, келін түсіру, неке кию, беташар т.б. Үйленудің ең басты символы – сәукеле. Қыз бала тұрмыс құрған сәтте бөркінің орнына сәукеле киеді, ол қыз баланың әлеуметтік дәрежесінің ауысқанын анық көрсетеді: бойжеткен – қалыңдық – келіншек.

Сәукеле қиық конус пішіндес болып келеді, күміспен, інжумен, түрлі моншақтармен молынан безендіріледі. Сәукеле көбіне күрең немесе шымқай қызыл барқытпен тысталған жұқа киізден арт жағы биіктеу етіп пішіліп, түсі күміс зерменкестеленген шашақты табақшамен жабылып, алтын жалатқан күміс шытыралар мен лағылдар қондырылып, екі жағына бірдей төгілетін маржан, перуза моншақтарынан тізілген жақтамалармен безендіріледі.

Сәукеленің арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайына тағатын асыл тасты күміс әшекей – маңдайшысы, сәукеле қозасы (шар сияқты металл әшекей) – шытақ, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ, бет жақтауы және артқы құлағы (белге түсетін) болады. Сәукеленің төбесіне жібектен желек (бергек) тағылып, оған үкі (қарқара) қадалады. Халқымыз үкіні қасиетті құс деп санаған. Үкінің ұлпілдек жүні мен қауырсыны жын-шайтаннан қорғайды деп бас киімге, сондай-ақ төсектің басына, бесікке қадаған.

Сәукеленің сыртында ұзын ақ жібек жаулығы болады. Ол беташар айтылғанда қалыңдықтың жүзін, бүкіл денесін жа-



уып төгіліп тұрғандықтан, қыздың дене пішімін нәзік, сымбатты етіп көрсетеді.

Сәукеле ежелден киелі саналғандықтан, оны қалыңдыққа кигізудің өзіндік дәстүрі болған. Күйеу қалыңдығына ұрын келіп кеткеннен кейін, қалыңдықтың ата-анасы кілем, ішік-шапан сықылды жасау әзірлей бастайды. Тойға дейін сәукеленің де дайын болуы шарт. Сәукеле кигізу салтанатына әулеттің құда-құдағилары шақырылып, шашу шашылып, ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Оның көрімдігі де соған лайық болуы тиіс. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Сәукеле кигізу дәстүрі жаңа өмірдің бақыт есігін ашқандай әсер береді. Сәукеленің құны әр құдаласушы жақтың дәулетіне қарай 5-25 жылқыға, кейде тіптен 100 байталға бағаланған. Себебі сәукеле мен жасауға жұмсалатын шығын қалың малдың есебінен болады.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Кіші жүздің Байсақал атты байы мен Орта жүздің Сапақ байы құда бо-

лыпты. Байсақал құдаларына қызының сәукелесін беріп жіберіп: «Басқа ештеңе сұрамаймын, тек осы бір сәукеленің бағасын өздері есептеп берсе болды» депті. Сонда Кенесарының ағасы Саржан төре әлгі сәукеленің бағасын: «Бес жүз байтал екен, сондықтан қызының қалыңмалы бес жүз жылқы болсын» деп кескен екен. Бұл дерек Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбегінен алынып отыр («Қазақ әдебиеті. 9 қаңтар, 1996 жыл).

Сәукеле қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналатындықтан, ол өлгеннен кейін сәукелесі төркініне қайтарылады немесе оның сәукелесін тек балалары ғана иемдене алады. Ол қазақ, қырғыз, қарақалпақтарға (шовкеле, шокуло) ортақ бас киім болғанымен, әр халықтың сәукелелерінің пішіндері әр түрлі. Қазақтардың сәукелесінің төбесі шошақ, биік, артқы құлағы шашқа белге дейін жеткен, қырғыздардың сәукелесі де қырғыздардыкіне ұқсас дулыға секілді болған. Ғасырлар өте сәукеленің сырт пішімінде өзгерістер пайда болып, оның негізі сол қалпында сақталған.

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейінің «Этнография» залында XIX ғасырға жататын ерекше экспонат бар. Ол – қызыл барқыт матамен көмкеріліп, құндызбен әдептелген сәукеле (суретте). Әшекейлері ақ металдан жасалған үш бөлшектен құралған: маңдайша, төбелдірік, шеттік және сердоликтермен, салпыншақтармен әшекейленген. Күмістің салмағы 771,84 грамм (сынамасы 400), төбелдірік – 39 салпыншақтан (сынамасы 875), маңдайшасы 3 сердолик тастан тұрады. Жоғарғы жақ 42 пластинадан (сынамасы 925) және тоғыз үлкендеу пластинадан (сынамасы 400) тұрады. Екі жағында ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға жататын конус тәріздес шекеліктері бар. Салмағы – 434,77 грамм (сынамасы 925).

«Жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады» демекші, бас киімнің орны ерекше болғандықтан,

оған қатысты халқымызда көптеген тыйымдар бар. Бас киімді кез келген жерге тастай салуға, тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды, биікке іліп қою керек. Әсіресе, астыға басып отыруға болмайды. Себебі «Бастан бақ таяды, бас ауруына тап болады. Бас айналып, тіл байланып, иман қашады» деген наным бар. Бас киімді айырбастамайды (басындағы бағың кетеді немесе біреудің басындағы бәлесі жұғады). Бас киімнің төбесін басып киюге болмайды. Басқа адамға сыйлауға, сатуға болмайды, жаман ырым деп есептеледі. Бас киімін біреуге сыйға берген қыз-жігіттің үй болулары кешігеді. «Тұрмысы жақсы адамның ырысы шайқалады» деген нанымдар қалыптасқан. Сондай-ақ бас киім сатып алып тұрған адам оны сатушының қолымен басына кигіздіріп өлшесе, басындағы бағын сол кісіге береді. Сондықтан оны сатып алушының өз қолымен өлшеуіне назар аударған жөн.

Айдана ЕРЛАНОВА,

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музей экскурсоводы
Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 10-том, Алматы қаласы, 1977 ж.
2. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлер мен ғұрыптары./Сейіт Кенжеахметұлы. – 2-басылым. – Алматы, Атамұра, 203. – 384 бет.
3. Халел Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми зерттеу еңбек. Алматы: Өнер, 1987. – 128 Б.
4. Ескекбаев Д.Б. Үйлену және қыз ұзату дәстүрлері (Ресейдің Орынбор облысы қазақтарының материалдары негізінде) // Ұлы дала мұралары. 2-шығарылым. – Нұр-Сұлтан, 2019, – 256б.
5. Каирмагамбетов А.Ғ. қазақ киімі – ұлттық ерекшелік // Ұлы дала мұралары. 2-шығарылым. – Нұр-Сұлтан, 2019, – 256б.
6. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 384 б.

«Ғайша» қойылымын сахналады

Жәңгір хан университетінің «Ұшқын» студенттік театры наурыз айында кезекті үшінші қойылымын көрермен назарына ұсынды.

Қазақстанның халық жазушысы, драматург Мұхтар Шахановтың «Ғайша жеңгей» туындысының желісімен қойылған премьеры «Ғайша» деп аталды. Қойылым режиссері Ақжол Ихсан бұл туындыны студенттермен ақылдасып, бірлесе тандағандарын жеткізді. – Өзіме осы шығарманың оқиғасы ұнады, сосын студенттерге көрсеткен бірнеше туындының ішінен олар да осы «Ғайшаны» таңдады. Сөйтіп бірлесе дайындыққа кірісіп кеттік. Негізінен соғыс кезінде мұндай оқиғалар көп болған. Басты кейіпкер Ғайша сол замандағы қыздардың жан-дүниесінің тазалығын, адалдығын көрсетеді. Біз де автордың сол мақсатын көрерменге жеткізгіміз келді, – дейді режиссер Ақжол Егінбайұлы.

«Ұшқын» студенттік



театрының құрамы бұл қойылымға бір ай көлемінде дайындалған. Әрине, студенттердің басты мақсаты – жоғары білім алу болғандықтан, қоғамдық жұмыспен бос уақыттарында айналысатыны сөзсіз. Сондықтан толық бір ай деп айтуға келмейтінін режиссер де жасырмады. Осылайша жаңа қойылым талантты білім алушылардың күшімен сахнаға жол тартты.

Қойылымдағы оқиғаның желісі соғыс уақытында орын алған. Басты кейіпкерлер – Айберген мен Ғайша есімді жас

жұбайлар. Отау құрғандарына бір апта да болмаған Ғайшаның Айбергеннен басқа ешкімі жоқ. Ол сүйгенін кимай-кимай майданға шығарып салады. Айберген өзінің аруын пошташы досы Алтайға аманаттап кетеді. Ал Алтай іштей Ғайшаға ғашық болып жүргендіктен, жас жұбайлардың хаттарын бір-біріне бермей қояды. Сұрапыл соғыс та аяқталады, Айбергеннен хабар-ошар жоқ. Ғайша ауылдағы ер-азаматтардың назарына ілігіп, неше түрлі өсек-аяң тарай бастайды. Бір күні соғыстан

келген Қосан деген ауыл адамы Ғайшаға көзі түсіп, өзінің айуандық әрекетін жүзеге асырмақшы болады. Алайда үстінен ауылдың әйел адамдары түсіп, азғындығы әшкере болады. Бір топ әйелдің ішінде Қосанның да зайыбы бар екен, олар жазықсыз Ғайшаның өзін кінәлап, ауылдан қумақшы болады. Араға ауылдың ақсақалы түсіп, ауылдастарын таратып, Ғайшаға өзіне тұрмысқа шығуға ұсыныс білдіреді. Басқа амалы қалмаған қорғандың аруы ерексіз келісімін беріп, соңғы қоштасу хатын

жазады. Ал келесі күні Айберген соғыстан оралады, Ғайша көрген қорлығына шыдамай, суға батып, өзінің өмірін қияды.

– Әрине, студенттер – кәсіби актерлер емес. Сондықтан олардан кәсіби шеберлікті жоғары деңгейде талап ете алмадым. Дейтұрғанмен, олардың театр өнеріне деген қызығушылығы, өз рөлдерін орындауға деген ынтасы жоғары болғандықтан, еш қиындық келтірмеді, – деді студенттік театрдың режиссері А.Ихсан.





Ветеринариядағы цифрландыру жүйесі

Қазіргі заманғы цифрлық технологияларды дамыту ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және әлеуметтік маңызы жоғары жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауда маңызды рөл атқарады.

Ветеринариядағы цифрландыру тек індет ошақтарын жедел анықтауға және бақылауға ғана емес, сонымен қатар алдын алу және күресу шараларын тиімді әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ветеринариядағы цифрлық жүйелерді жетілдірудің негізгі аспектілері және олардың эпизоотиялық қауіпсіздікке әсері қарастырылды. Соған орай ветеринариядағы цифрландырудың маңызына тоқталар болсам, қазіргі ветеринариялық жүйелер жануарлардың аурулары туралы деректерді жедел жинауды, өңдеуді және талдауды қамтамасыз етуі керек. Ветеринарияға цифрлық технологияларды енгізу келесі артықшылықтарды береді:

- жұқпалы ауруларды ерте анықтау – автоматтандырылған мониторинг жүйелері ауру жағдайларын ерте кезеңдерде тіркеп, эпидемия қаупін азайтады.

- жануарлардың қозғалысын

бақылау – цифрлық дерекқорлар ауыл шаруашылығы жануарларының шығу тегі, денсаулық жағдайы және қозғалысын қадағалауға көмектеседі, бұл инфекцияның таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

- вакцинация мен емдеуді оңтайландыру – ветеринариялық препараттарды басқару жүйелері уақтылы вакцинациялауды қамтамасыз етіп, инфекция өршуінің қаупін азайтады.

- диагностиканың тиімділігін арттыру – жасанды интеллект пен машиналық оқытуды пайдалану ауруларды тезірек және дәлірек диагностикалауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік маңызы жоғары жұқпалы аурулармен күрес тиімділігін арттыру үшін ветеринариядағы қолданыстағы цифрлық жүйелерді жетілдіру қажет. Негізгі басым бағыттар:

1. Бірыңғай цифрлық платформа құру – ветеринариялық клиникалар, фермерлік шаруашылықтар, мемлекеттік қызметтер сияқты әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді біріктіру инфекцияның таралуын бақылауды жақсартады.

2. Жасанды интеллект және Big Data технологияларын пайдалану – үлкен деректерді талдау аурулардың өршуін

болжауға және оларды болдырмау стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.

3. Фермерлер мен ветеринарларға арналған мобильді қосымшаларды дамыту – бұл қосымшалар ауру жағдайларын жедел тіркеуге, кеңес алуға және емдеу бойынша ұсыныстар алуға мүмкіндік береді.

4. Блокчейн технологияларын енгізу – бұл жануарлардың денсаулық жағдайы мен вакцинациясы туралы мәліметтердің ашықтығын қамтамасыз етеді, әсіресе экспорттық-импорттық операциялар үшін маңызды.

5. Зертханалық зерттеулерді автоматтандыру – цифрлық диагностикалық жүйелер талдауларды жылдам өңдеуге және патогендерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ветеринариялық жүйеге цифрлық технологияларды енгізудің бірқатар артықшылықтары бар, соның ішінде:

- Эпидемиялар мен жұқпалы аурулардың өршуінен болатын экономикалық шығындарды азайту.

- Ветеринариялық қызмет көрсету мен алдын алу шараларының сапасын жақсарту.

- Мемлекеттік және жеке ветеринариялық ұйымдар арасындағы

деректер алмасудың жеделдігі.

- Жануарлардан алынатын азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін бақылаудың тиімділігін арттыру.

Жоғарыда келтірілген басым бағыттар бойынша қорытындылайтын болсам, ветеринариядағы цифрландыру жүйесін жетілдіру – эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы жоғары жұқпалы аурулардың алдын алу жолындағы маңызды қадам. Жасанды интеллект, блокчейн, мониторингтің автоматтандырылған жүйелері және мобильді қосымшалар сияқты цифрлық технологияларды дамыту жануарлардың денсаулығын бақылауды жақсартып қана қоймай, эпидемиялардың экономикалық және әлеуметтік салдарының алдын алуға көмектеседі. Мұндай шешімдерді енгізу кешенді тәсілді қажет етеді, оған мемлекеттік қолдау, технологияларға инвестиция және ветеринария саласындағы мамандардың цифрлық сауаттылығын арттыру жатады.

Айман ИЩАНОВА,
Ветеринария және агротехнология институтының доцент м.а.,
PhD докторы

Өсімдік шаруашылығына арналған дәріс

Ветеринария және агротехнологиялар институтында «Орал өңірінің өсімдік шаруашылығы: кеше, бүгін, ертең» тақырыбында мәселелік дәріс ұйымдастырылды.



«Өсімдік қорғау және карантин», «Агрономия» білім беру бағдарламаларында оқитын ЗКР-21, ЗКР-41, АН-21, АН-31, АН-32, АН-41 топтарының студенттеріне арналған дәріске БҚО ауыл шаруашылығы басқармасының егін шаруашылығы, астық және тұқым инспекциясы бөлімінің бас маманы Асылболат Құбиев қатысты. Дәріс оқыған Асылболат Тілекұлы өз кезегінде Батыс Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы жағдайына тоқтала отырып, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы әңгімеледі. Соның ішінде агроөнеркәсіп саласының дамуына ықпал ететін сала – тұқым шаруашылығындағы тұқым сапасы жоғары болса, егіннің өнімділігі

де жоғары болатынын жеткізді. Бұндай жағдай өнеркәсіп үшін көп пайда әкеледі. Сапалы тұқымды пайдаланған жағдайда егіннің тұрақты өсуі мен дамуы артады. Төмен сапалы тұқымдар ауруларға шалдығады немесе қолайсыз жағдайларда әлсіреп қалатын өсімдіктердің өсуіне себепкер болуы мүмкін. Заманауи технологиялар арқылы жаңа тұқым сорттарын шығаруға болады.

Дәрісті қорытындылай келе, бас маман А.Құбиев ауыл шаруашылығында өнімділікті арттырудың маңызы зор деп сөзін аяқтады. Студенттер дәріс барысында болашақ мамандықтарына қатысты барлық сұрақтарына жауап алды.

Лайла ҚАЛИЕВА,
доцент м.а., PhD

«Ерке-нұр» ерледі!

Жәңгір хан университетінің «Ерке-нұр» би ансамблі Өзбекстан елінде өткен халықаралық байқауда өздерінің шығармашылық шеберліктерін мойындатып, бас жүлдені жеңіп алды.



Би ұжымын бастап барған университетіміздегі «Мәдениет және өнер» студиясының директоры Гүлмира Жолдыбаева байқауды ұйымдастырған «Бақытты елдің ұрпағы» қоғамдық қорының атынан жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтар мен ұлттық қасиеттерді сіңірудегі елеулі еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

– Біздің бишілеріміз екі күнгесозылған өнер додасының алғашқы күнінде өнер көрсетті. Олар «Дала сазы» атты ұлттық бимен төрешілер мен көрерменді тәнті етті. Аграрлық-техникалық сала мамандарын даярлайтын жоғары оқу орнында оқитын білім алушылардың талантына барлығы риза болды. Бишілердің ұлттық киімі, өздерін сахнада ұстауы, кәсіби қимылдары, бұрымды қазақ қыздары, тіпті шаштарына таққан ша-

шбауларына дейін оларды ерекшелендіріп тұрды, – дейді «Мәдениет және өнер» студиясының директоры Гүлмира Сұлтанярықызы. Осылайша көпшіліктің көзайымына айналған «Ерке-нұр» ұжымына ешқандай талассыз бас жүлде берілген.

Жалпы халықаралық байқауға бес елдің өнерпаздары қатысқан. Ал Қазақстаннан Орал, Ақтөбе, Ақтау, Жаңаөзен, Қарағанды қалаларынан үміткерлер қатысып, өз бақтарын сынаған. Халықаралық байқауды өткізуге Өзбекстан мәдениет министрлігі қолдау көрсеткен.

«Ерке-нұр» ұжымы өздерінің халықаралық деңгейде өнер көрсетулеріне қолдау көрсеткен «Ауыл» партиясы облыстық филиалына, оралдық жеке кәсіпкер Нұргүл Қажмұханбетоваға алғыстары шексіз.

Ұлттық мерекені қалай тойлайсыз?

Наурыз – жалпыұлттық мереке. Көне дәстүрден бүгінгі күнге жалғасқан, ұлттық мәдениетімізді жаңғыртқан жыл басын ерекше күтетіміз жасырын емес. Ұлыстың ұлы күніне орай Жәңгір хан университетінің оқытушыларына оймақтай ой тастамақ ниетпен «Заңғардың» мерекелік сауалнамасын жолдадық.

Сауалнама сұрақтары:

- Наурыз мерекесінің сіз үшін маңызы қандай?
- Отбасылық дастарханыңызда қандай ұлттық тағамдар жиі орын алады?
- Наурыз мейрамында кімге, қандай сыйлық сыйлауды ойластырасыз?
- Қысқаша наурыз бата келтіре кетсеңіз?



Балуаш ТРАИСОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
(Ветеринария және агротехнология институты):

- Наурыз мейрамының негізгі маңызы көктемнің келуімен байланысты. Содан соң мал-жанын ойлайтын қазақтың қыстан аман-есен шығуы да айрықша маңызды. Оған қоса наурызда жер-ананың тоңы жібіп, табиғат жаңарады. Елдің батысында айрықша аталып өтілетін, соңғы жылдары жалпыұлттық сипат алған 14 наурызда ағайындар «қыстан аман шықтық, төрт түліктің аузы көкке ілікті» деп, бір-бірімен қал сұрасып, қол алысып көріседі. Бұл – ерте заманнан жалғасқан дәстүр. Көрісу күнінде бір-біріне жақсы тілектерін арнаған. Одан әрі мереке Ұлыстың ұлы күніне ұласады.

- Біздің отбасылық дастарханымызда

еттен бастап тары-талқан, қаймақ, ірімшік, құрт үзілмейді. Ұлыстың ұлы күнінде наурыз көже дайындалады. Қасиетті жұма күні шелпек пен бауырсақ пісіреді. Әрине, дастархан болған соң, қазақтың қою күрең шәйі міндетті түрде болады.

- Наурыз мейрамында балаларға тәттілер мен құрт береміз. Ал үлкендерге жақсы шәй тәттісімен бірге сыйлаймыз.

- Наурыз бата:

Амансыз ба, ағайын,
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Еліміз тыныш,
Басымыз аман болсын!
Әумин!

Ғали ОЖАНОВ,
доцент, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты (Индустриалды-технологиялық институты):

- Наурыз айының мен үшін ерекшелігі мол. Бұл – Алғыс айту күні, Аналар мейрамы, Көрісу айт және ұлттық дәстүрлерді сипаттайтын, насихаттайтын Әз Наурыз мерекесі тойланатын қасиетті ай. Ұлттық санамыз, салт-дәстүріміз бойынша жыл басы саналатын Ұлыстың ұлы күнінде күн мен түн теңеледі. Сонымен қатар жеке өзім үшін туған күнім тойланатын құтты ай десем, артық болмас.

- Отбасылық дастарханға өзіміз білетін барлық ұлттық тағамдар қойылады. Жеті түрлі тағаммен Наурыз көже, түрлі ет өнімдері, қазы-қарта, жал мен жая, қойдың басы, құрт, май, қаймақ, қымыз, шұбат, көже секілді сүт өнімдері және тары, талқан.

- Наурыз айында сыйлық таңдау өте ыңғайлы. Ұлттық нақыштағы безендендірілген киімдер, шапан, кәжекей, түрлі кәдесыйлар, әшекейлі бұйымдар, ұлттық аспаптар тарту етуге болады. Біздің әулетімізде наурыз айында дүниеге келгендер бар, сондықтан сыйлық әр адамға лайықты, естелік болып қалатын бағалы болғаны дұрыс деп санаймын.

- Наурыз бата:

Жақсылыққа жайылсын,
Дастарханда ас толып,
Ынтымақ болсын елімде
Келген Наурыз құт болып!

Ұлыспенен жаңарсын,
Тәніміз бен жанымыз.
Жақсы негіз қалансын,
Жарасып ән-сәніміз!

Ниеттерің ақ болсын,
Бастарыңа бақ қонсын,



Қайғы-уайым жоқ болсын,
Қуаныштарың көп болсын!

Санасы өсіп адамның,
Көңілде кір қалмасын.
Құты қашып жаманның,
Жақсылық тапсын жалғасын!

Тыныш болсын даламыз,
Таза болсын ауамыз,
Тұнық болсын суымыз,
Желбіреп тұрсын туымыз!

Қатыгездік жоқ болсын,
Ұлы халқым тоқ болсын.
Көбейе берсін мал басың,
Өсе берсін жан басың!

Ұлысымыз оң болсын,
Дастарханымыз мол болсын.
Төрт түлігіміз сай толсын,
Отанымыз бай болсын!


Жаратқан Алла жар болып,
Ұлыстың ұлы күндері
Берекелі, мерекелі
Құтты болсын Әз Наурыз!
Әумин!

- Отбасылық дастарханымызға Наурыз мейрамының басты тағамы «наурыз көже» қойылады. Бұл тағам тоқшылық пен молшылықтың символы болғандықтан, оған жеті түрлі өнім қосылады. Ал отбасы бас қосқан кезде міндетті түрде ет дайындалады. Қолмен жейтіндіктен «бесбармақ» аталып кеткен бұл тағам түрін сорпасымен бірге ұсынамыз. Сонымен қатар қазы-қарта, жал-жая, бауырсақ, сүт өнімдерінен жасалған тағамдар қойылады.

- Отбасылық немесе жақын достарға – ұлттық қолөнер бұйымдарын; үлкен кісілерге – жылы әрі қолайлы киімдер, хош иісті кремдер, қолдан жасалған сәнді қалам, әшекей сынды заттар; балаларға – ойыншықтар, кітаптар, сурет салу құралдары, мүсіндеу жиынтығы; ал достар мен әріптестерге – кәдесыйлар ұсынуға болады.

- Наурыз бата:

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсан, жол болсын!
Бақыт, бақ берсін,
Ұлыс берекелі болсын!
Төрт түлігің өрісті,
Дәулетің өсімді болсын!
Елің тыныш,
Жұртың аман болсын!
Наурыз құтты болсын!



Асыл БИСЕНҒАЛИЕВА,
аға оқытушы, техника ғылымдарының магистрі
(Политехникалық институты):

- Наурыз мерекесі – мен үшін рухани құндылықтардың бірі.

- Отбасылық дастарханымыздан ас ата-сы – нан мен бауырсақ үзілмейді. Сонымен бірге наурыз көже, сүт тағамдарынан – құрт, ірімшік, қаймақ.

- Наурыз мейрамында отбасыма, туматуысқанға, бауырларға ұлттық нақыштағы қамзол, жекет, кәдесыйлар сыйлаймын.

- Наурыз бата:

Әумин! Бата берейін,
Жақсылықты терейін.
Жаңа жылда жарандар,
Үстем болсын мерейің!
Жақсылыққа бас болып,
Ауылымызда ас болып,
Келген Наурыз құт болсын!



Айгүл ЖАҚЫПОВА,
аға оқытушы, магистр (Экономика,
ақпараттық технологиялар және кәсіби
білім беру институты):

- Наурыз – молшылық пен бірліктің бастауы саналатын ерекше мереке. Мен үшін бұл – жаңа жылдың басы ғана емес, сонымен қатар ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды жаңғыртатын, адамдарды жақындастыратын, мейірім мен татулыққа шақыратын мейрам. Ұлттық мерекеміздің басты мәні – адамдар арасындағы өзара құрмет пен сыйластықты арттыру. Бұл күні жақын-жуық жиналып, үлкендерден бата алып, дастарқан басында ақ тілектер айтылады.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 587
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru